



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 015 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 2 шілде

## Қаржы рыногындағы ағымдағы жағдай туралы

### 1. Инфляция.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция өткен айдағы деңгейде қалып, 2003 жылғы маусымда 0,1% болды. Азық-түлік тауарларына баға өзгерген жоқ, азық-түлікке жатпайтын тауарлар және халыққа ақылы қызмет көрсету 0,2%-ке қымбаттады.

Азық-түлік тауарлары құрылымында ет және ет өнімдеріне баға – 0,7%-ке көтерілді. Ағымдағы жылдың басынан бастап бірінші рет маусымда көкөністер мен жемістерге бағаның - 1,3%-ке төмендеуі байқалды, мұнда бір жылда бағаның өсуі (2003 жылғы маусым 2002 жылғы маусымға) 38,3% болды. Сондай-ақ жұмыртқа – 5,3%-ке, сүт тағамдары – 2,6%-ке, қант – 0,1%-ке арзандады.

Соңғы айларда байқалып отырған жанармайға бағаның төмендеу үрдісі жалғасуда. Маусымда ол 1,4%-ке (жыл басынан бері – 14,1%) төмендеді.

Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету құны 2003 жылғы мамыр айымен салыстырғанда маусым айында өзгерген жоқ.

2003 жылдың басынан бастап инфляцияның деңгейі 2,3% (2002 жылғы қаңтар-маусымда – 3,1%) болды, осыған орай азық-түлік тауарларына баға 2,9%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарларға – 1,3%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету – 2,0%-ке өсті.

2003 жылғы маусымда инфляция жылдық көрсетуде 5,7% (2003 жылғы мамырда – 6,1%) болды.

### 2. Төлем балансы

2003 жылдың басында мұнайға әлемдік бағаның күрт өсуі, металдар рыногының бағалық конъюнктурасының жақсаруы және резиденттердің инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту Қазақстанның төлем балансының жай-күйіне айтарлықтай әсер етті және сыртқы позициясының одан әрі күшеюін қамтамасыз етті.

2003 жылғы 1-тоқсанның нәтижелері бойынша тауарлардың таза экспортының тоқсандық көрсеткішінің 1,3 млрд. доллардан асуы Қазақстан үшін аса жоғары көрсеткіш болып тіркелді. Бұл халықаралық қызмет көрсету импортына елеулі өсіміне және тікелей инвесторларға кірістер төлеуге жұмсалған шығыстарға өтем жасауға ықпал етті. Тауар экспортынан түскен кіріс ағымдағы операциялар шоты бойынша актив сальдосының 626 млн. долларға жетуіне қол жеткізді, бұл ағымдағы операциялар бойынша нетто-кірістің тарихи ең көп мөлшері болып табылады.

Қазақстан экономикасын тұрақтандырудың үрдістерін одан әрі нығайту экспорт кірістерінің күрт өсуі және 2002 жылдың аяғында елдің егемендік рейтингінің айтарлықтай көтерілуі капиталдың халықаралық рыноктарында Қазақстанның позициясын нығайтты. Шетелдік тікелей инвестициялардың оң балансы 1-тоқсанда 255

млн.долл. деңгейінде тіркелді, бұл 2003 жылғы көрсеткіштен 1,8 есе жоғары. Орташа және ұзақ мерзімді қарыз алып пайдалану операциялары бойынша сыртқы қаржыландырудың нетто-ағыны базалық кезеңнің дәл осындай көрсеткішімен салыстырғанда екі есе көбейіп, 379 млн. долл. болды.

Нәтижесінде экспорттан түскен кірістердің және сыртқы қаржы ресурстарының елеулі ағыны шетел валютасына ұсыныстың сұраныстан асуына себепші болды – төлем балансының операциялары бойынша оң сальдо есепті кезеңде 786 млн. долл. жуық болды, бұл Қазақстанның төлем балансында бұрын тіркелген тек тоқсандық үшін, сондай-ақ жылдық көрсеткіштер үшін де ең көп болып табылады.

### **3. Халықаралық резервтер және ақша базасы.**

2003 жылғы 1 жартыжылдықта, ішкі валюта рыногына шетел валютасының айтарлықтай ағыны жағдайында, Ұлттық Банктің ҚҚБ-да және банкаралық валюта рыногында шетел валютасын сатып алуы шамамен 1,6 млрд. теңгені құрады. Шетел валютасы түсімінің негізгі көздері ағымдағы жыл басынан бері әлемдік рынокта энергия ресурстарының жоғары бағасына негізделген экспорттық валюта түсімінің елеулі көлемі, мемлекеттік меншіктің (“Корпорация “Қазақмыс” АҚ, “Ақтөбемұнайгаз” АҚ) үлесін жекешелендіру, сондай-ақ банктердің (“Казкоммерцбанк” және “ТұранӘлембанк”) сыртқы рыноктарда еуробондтарды орналастыруы болды. Бағалау бойынша ішкі валюта рыногында Ұлттық Банктің шетел валютасын сатып алу көлемінің шамамен 50-60%-і экспорттерлардың валюта түсіміне тиесілі.

2003 жылғы маусымда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағалармен 0,9%-ке (немесе 38,8 млн.долл.) өсіп, 4489,9 млн.долларға жетті (жыл басынан бері өсу 43,1%). Ұлттық қор активтерін толықтыру және Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету мақсатында валюта сату ішкі валюта рыногында Ұлттық Банк операцияларымен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қоры 128,3 млн. долларға қысқарды. Алтынмен активтер сыртқы рынокта Ұлттық Банк жүргізген операциялар нәтижесінде 167,41млн. долларға өсіп, 789,8 млн. долларға жетті.

Елдің халықаралық резервтері, тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша – 2687,8 млн. долл.), маусымда 6,7%-ке өсті және 7181,9 млн. долл. болды. Жыл басынан бері Ұлттық қордың активтері 41,9%-ке немесе 768,6 млн. долларға көбейді, оның ішінде 462,5 млн. долларды Ұлттық Банк айырбастады.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі ақша базасының маусымда 16,1%-ке көбейіп, 254,1 млрд. теңгеге жетуіне себеп болды (жыл басынан бері көбею – 22,1%).

### **4. Қаржы рыногы.**

**Валюта рыногы.** Маусымда ішкі валюта рыногында теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюу үрдісі жалғасты. Бір ай ішінде теңге номиналдық көрсеткіште 1,82%-ке (2002 жылғы маусымда – 0,06%-ке төмендеу) нығайды және айдың соңында биржалық бағам бір доллар үшін 147,68 теңге болды.

Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюуы 5,24% болды. АҚШ долларына теңгенің орташа алынған айырбас бағамы 2003 жылғы 6 ай ішінде 1 АҚШ доллары үшін 152,03 теңге болды.

2003 жылғы қаңтардан бастап мамырға дейінгі кезең ішінде Қазақстанның негізгі сауда әріптестері – 24 елдің валюта қоржынына қатысы бойынша теңгенің құны нақты көрсеткіште 3,3 %-ке төмендеді. Алдын ала бағалау бойынша 2003 жылғы маусымда АҚШ долларына қатысы бойынша бірыңғай еуропа валютасы мен ресей рублінің одан әрі нығаюуы теңгенің еуроға нақты айырбас бағамының 2003 жылғы май айындағы (күнсыздану 2002 жылдың желтоқсанына 7,9%-ке) деңгейін сақтауына және ресей рубліне қатысы бойынша 0,5%-ке (күнсыздану 2002 жылдың желтоқсанына 4,9%-ке) нақты

құнсыздануына себеп болды. Теңгенің америка валютасына номиналдық бағамының ұлғаюы 2003 жылдың мамыр айымен салыстырғанда ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысы бойынша нақты көрсетілгенде 1,5% өсуіне мүмкіндік жасады (2002 жылдың желтоқсан айына қатысы бойынша 6%).

Маусым айында биржалық мәмілелердің көлемі қосымша сауда-саттықтағы мәмілелерді ескергенде мамыр айымен салыстырғанда 44,3%-ке ұлғайды және 567,2 млн. доллар болды (2002 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,5 есеге жуық өсті). Жыл басынан бері биржалық операциялар көлемі 2,6 млрд. доллар болды.

Биржадан тыс валюта рыногындағы операциялар көлемі мамыр айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 71,6%-ке ұлғайды және жедел деректер бойынша 695,7 млн. доллар болды. 2002 жылдың маусым айымен салыстырғанда операциялар көлемі 2,5 есеге жуық ұлғайды. Жыл басынан бері банкаралық валюта рыногындағы операциялар көлемі жедел деректер бойынша 2,8 млрд. доллар болды.

**Бағалы қағаздар рыногы.** 2003 жылдың маусым айында Қаржы министрлігі мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру бойынша екі аукцион өткізді, олардың эмиссияларының көлемі 2003 жылдың мамыр айындағы деңгейде қалды және 3,0 млрд. теңге болды. Сыйақысын қоса алғанда мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу 2003 жылдың маусым айында 2,1 млрд. теңге болды. Осылайша алғанда олардың айналыстағы көлемі 2,5%-ке 109,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Ағымдағы жылдың 1 жартыжылдығында Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары барлығы 6,9 млрд. теңге сомаға эмиссияланды, бұл 2002 жылдың 1 жартыжылдығындағы деңгейден 3 есе төмен (20,8 млрд. теңге).

Ағымдағы жылдың маусым айында эмиссияланған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістілік едәуір төмендеді. 2 жылдық МЕОКАМ-дар 6,81% (2003 жылдың мамыр айында – 7,11%), 3 жылдық МЕОКАМ-дар 6,78% (7,12%) тиімді кірістілікпен орналастырылды.

Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарының эмиссиясының күрт төмендеуі, сондай-ақ Ұлттық Банктің шетел валютасын үлкен көлемде сатып алуы, әрине, рыноктағы артық өтімділікті стерилизациялау қажеттілігін туғызды. Сондықтан Ұлттық Банк ноттар эмиссияларының көлемін және репо операцияларын ұлғайтты. Ұлттық Банк ноттары эмиссиясының көлемі мамыр айымен салыстырғанда 27,4%-ке ұлғая отырып, маусым айында 89,7 млрд. теңге болды. Сондай-ақ кірістілік мамыр айындағы 5,59%-тен маусым айында 5,49%-ке дейін төмендеді. Айналыстағы ноттардың көлемі маусым айының соңында 184,5 млрд. теңге болды (маусым айында 31,4%, ал жыл басынан бері 2,9 есе өсті).

Жыл басынан бері ноттар эмиссиясының көлемі 336,3 млрд. теңгеге жетті, бұл өткен жылдың тиісті кезеңінің деңгейінен 4,1 есе көп.

2003 жылдың маусым айынан бастап айналыс мерзімі 1 жыл болатын ноттарды шығаруға мүмкіндік туды. Қазіргі уақытта айналыс мерзімі 273 күн болатын ноттар неғұрлым «ұзақ» болып табылады.

Ағымдағы жылдың маусым айында өткен айлармен салыстырғанда Ұлттық Банктің тікелей репо операциялары бойынша мәмілелерінің көлемі 47,3 млрд. теңгені құрай отырып, 15,9%-ке ұлғайды. 1 жартыжылдықта репо операцияларының көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 23,5%-ке ұлғайды және 250,5 млрд. теңге болды. 2003 жылдың 1 маусым айынан бастап репо операциялары бойынша ресми ставка 5,0%-ке дейін төмендеді.

Кері репо операцияларының көлемі 4,75 млрд. теңге болды, бұл мамыр айындағы деңгейден 23,4%-ке көп. Сонымен қатар 2003 жылдың маусым айында Ұлттық Банк Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарымен 32,6 млн. теңге сомаға сатып алу және сол сомаға сату бойынша бір операциядан жүргізді.